



Қазыбай БОЗЫМОВ,
Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың ректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор

дан ұтады. Елімізде кейбір ЖОО-лардың тиісті білім бермейтіні немесе студенттер үшін қажетті материалдық-техникалық базасы жоқ екені құпия емес.

Қазақстанда ХХ ғасырдың соңында жеке білім беру секторы белсенді дамыды да, соның салдарынан мемлекеттік емес және мемлекеттік ЖОО-ларда ақылы білім беру қарқын алды. Нәтижесінде біз ЖОО-ларда жастардың жаппай оқуына куә болғанымызбен, жоғары білім беру сапасы ілгерілемеді. Нәтижесінде көптеген дипломы бар мамандар жұмыссыз қалды.

Оңтайландыру шарасын қолға алудың тағы бір басты себебі – кейбір талапқа сай келмейтін жоғары оқу орындары білім беру сапасын төмендетті. Бұл фактор еліміздің беделін түсіретін жағдайларға алып келуі ықтимал. Қазақстандық жо-

ЖОО-ның қаржылық-экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етуде басты мәселе білім алушылардың контингентін қалыптастыру болып табылатыны белгілі.

Келесі мәселе – ЖОО-дағы оқыту сапасы. Болашақ мамандардың білім сапасы профессор-оқытушылар құрамының білім сапасына тікелей байланысты. Бүгінде еліміздегі жоғары мектептерде кәсіби құзыретті мамандар көп. Бірақ тәжірибелі профессорлар мен доценттер барлық ЖОО-ға қажет. Лайықты еңбекақы іздеу барысында оларға көп жағдайда бірнеше ЖОО-да қызмет жасауға тура келеді, бұл жағдайда олар қаншалықты үлгерді және сабақтарын сапалы жүргізе ме, міне, бұл – ойланарлық мәселе. Бір қаланың шеңберінде де жан-жаққа тарту орын алуда, профессорлардың бір бөлігі бір

терге көп жағдайда жалпы «нәрселерді» оқытады. Міне, білім саласындағы оңтайландыру осындай олқылықтарды жоюды көздейді.

Студенттер үшін «бәсекелестік» күресте оқу ақысының маңызды роль ойнайтыны баршаға белгілі. Көптеген ЖОО-ның төмен оқу ақысын белгілейтіндері жасырын емес. Арзаншылықты іздеу барысында талапкерлер қателіктерге қайта-қайта ұрынады. Еңбек нарығына қажетсіз мамандықтарды таңдайды немесе тек қана диплом алу үшін ғана оқуға түседі. Ал бұл жерде сапамен ешкімнің ісі болмайды. Үздік шетелдік университеттермен бәсекелесу үшін қажетті профессор-оқытушылар құрамы мен материалдық-техникалық базаны қалыптастыру керек. Ал бұл ірі көлемдегі қаржылық салымды талап етеді. Әрине,

Басты мақсат – жоғары сапалы маман даярлау

Еліміз дамыған 30 мемлекеттің қатарына енгуге қадам басқан кезеңде инновациялық технологияларды қолданысқа белсенді енгізуге қабілетті жан-жақты мамандар бүгінгі қоғам үшін өте қажет болып отыр.

«Қазақстанның әлеуметтік жаңғыруы: Жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық мақаласында Н.Ә.Назарбаев білім беру мекемелерін оңтайландыру жөнінде Үкіметке тапсырма берген болатын. Елбасының ЖОО-ны оңтайландыру жөніндегі қойған міндеті жоспарлы түрде орындалуда және Үкіметтің үнемі қадағалауында.

Үкімет отырысындағы өз баяндамасы барысында Білім және ғылым министрі Б.Жұмағұлов оңтайландырудағы басты мақсат – мамандар даярлау сапасын қамтамасыз ету және олардың сұранысқа ие болуы болып табылатынын атап өтті. Ол сапалы даярлауды тек оқытушылар құрамы мықты, заманауи материалдық-техникалық әлеуетке ие және еңбек нарығымен тиімді байланыс орнатқан ЖОО ғана жүзеге асыра алады деп өте дұрыс атап өтті. Сондықтан ЖОО-ны оңтайландыру қазақстандық білім сапасын әлемдік стандарттарға дейін жоғарылатпақ.

Министрлік оңтайландыруға аса үлкен жауапкершілікпен қарап, ЖОО-ларға жүйелі түрде жаңа талаптар қойып отыр. Бұл жерде оларды жабу арқылы санын қысқарту мақсаты қойылып отырған жоқ. Негізінен оларды ірілендіру есебінен жүзеге аспақ. Одан бірде-бір студент зардап шекпейді, өздерінің оқуларын жалғастыра береді.

Оңтайландыру үдерісін көп адамдар қатты күйзеле отырып қабылдайды. Дұрысында жаңадан құрылған ЖОО бұ-

ғары оқу орындарының дипломдары Кендік одаққа кіретін көршілес елдерде сұранысқа ие болмай қалуы мүмкін. Біздің ел еуропалық және әлемдік білім беру кеңістігіне кіруге бағыт алды, сондықтан біз қазақстандық мамандардың білім беру қызметінің халықаралық нарығында алдыңғы қатардан орын алуына және республикамыздың биік беделін қалыптастыруға ықпал етуіне тырысуымыз қажет.

Бүгінгі таңда бір өңірдегі немесе тіпті бір қаладағы көптеген ЖОО бірдей мамандықтар бойынша кадр даярлайды. Нарықтық жағдайда олар бұл жағдайдан шығудың әр түрлі жолдарын іздеуге мәжбүр. Мамандары болса, материалдық-техникалық базалары жоқ немесе керісінше, базалары бар да, мамандары жоқ, не кейде екеуі де болмаса да, жаңа мамандықтарға лицензия алуға тырысады. Бірақ қандай да бір мамандық бойынша лицензияға қол жеткізген күннің өзінде оған сәйкесінше сұраныс болатынына ешқандай кепілдік жоқ. Оның себебі әр түрлі болуы мүмкін. Мәселен, көрші ЖОО-да ол мамандық бұрыннан бар. Сондықтан қазіргі таңда студенттерді қабылдау көрсеткіштері жыл сайын өзгеріп отырғандықтан, ЖОО-ны дамытуды стратегиялық жоспарлау ұстамдары ағымдағы қаржыландыру тәсілдеріне қарама-қайшы. Осының барлығы оқыту сапасында ғана көрініс тауып қоймайды, сонымен бірге басқа да теріс зардаптарын тигізеді. Көптеген ЖОО-ларда толық емес құрамды топ мәселесі бар, одан тиімділік (рентабельділік) едәуір төмендейді, ал



БҚАТУ-дағы зертханалық жұмыстың бір сәті

ЖОО-да, келесі бөлігі тағы бір жоғары оқу орнында немесе бір тәжірибелі маман танымал емес, беделі төмен ЖОО-да еңбек етеді. Ал бұлар өздерінің күштерін келісе отырып бір жерге шоғырландырып жағдайда толық құрамды топтар да, оқыту сапасы да болар еді.

Бүгінгі қалыптасқан жағдайда бәсекелестік күресте қаржылық әлеуеті тұрақты ЖОО жеңіп шығатыны айдан анық. Олардың шетелдік профессорларды шақыру, академиялық ұтқырлықты дамыту, көп тілді білім беруді және т.б. жаңалықтарды ендіру мүмкіндіктері де жоғары. Ал бәсекеге қабілетсіз ұсақ ЖОО-ның базасы шамалы болады және көптеген көрсеткіштерге өз бетінше қол жеткізе алмайды. Олардың профессор-оқытушылар құрамының білім деңгейлері де төмен болады. Еңбекақының төмен болуы олардың шамадан тыс жұмысбастылығына алып келеді де, біліктілікті арттыруға уақыт қалмайды. Нәтижесінде оқытушылар ақпараттық вакуумда қалады да, студент-

білім әрқашанда бағалы. Жақсы білім арзан болмайды. Сондықтан білім-білігі жоғары маман болу үшін көп қаражат пен уақыт жұмсауға тура келеді. ЖОО-ны аз шығын жұмсай отырып бітіріп шыққандарда қарапайым білімнің өзі болмайтыны жасырын емес, нәтижесінде білікті маман қалыптаспайды, сөйтіп, мемлекеттің мүддесі зиян шегеді. Себебі білім беру барысында үнемшілдікпен студентке сапалы білім беру мүмкін емес.

Оқу ақысының жоғарылығы әр уақытта сапалы білім алуға кепілдік бере бермейтіні де есте ұстаған дұрыс. Оқу орнын таңдаған кезде ЖОО-ның рейтингі мен беделін, оқытушылар құрамымен, фирматтармен, оқытуға қажетті техникалық және басқа да құралдармен қаншалықты қамтамасыз етілгенін, ЖОО-ның алдыңғы жылдардағы түлектерінің мамандығына сәйкес қызметке орналасу көрсеткішін біліп қойған артық етпейді.

Бүгінгі таңда әлемнің көптеген елдерінде дағдарысқа қарамастан, ЖОО-да

Орал өңірі

оқу ақысын төмендету немесе мүлдем алып тастау қарқыны байқалады. Сонымен бірге студенттерді қаржылық қолдау көкжиегі де кеңейіп келеді. Н.Ә.Назарбаевтың білім беру саласын қолдауының арқасында елімізде ЖОО-ға түсушілерге арналған білім беру гранттарының саны да едәуір артты. Сонымен қоса Елбасының бастамасы бойынша білім алуға қолжетімділікті кеңейтетін және азаматтарға оқуға қаражат жинауды жеңілдететін мемлекеттік білім беру жинақтаушы жүйесі ендірілуде. Бұл бірегей механизм білім беруге мемлекеттің үлесін инвестициялауды кеңейтуге және ел-жұртты әлеуметтік қолдауға бағытталған. Қазір жоғары білімді мамандарды даярлауға берілетін мемлекеттік білім беру тапсырысы мемлекетпен ұтымды реттеледі. Белгілі бір саланың мамандарына қажеттілікті анықтау мақсатында аймақтың даму деңгейін есепке ала отырып бақылау өткізіледі. ЖОО түлектерін қызметке орналастыру механизмдері енгізілуде. «Білім туралы» заңға сәйкес, педагогикалық және медициналық мамандықтар бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушы, сонымен қатар ветеринарлық мамандықтар бойынша ауылдық квота арқылы оқуға түскен жастар оқуларын бітіргеннен кейін мемлекеттік білім беру мекемелері мен мемлекеттік медициналық ұйымдарда міндетті түрде жұмыспен қамтылады.

Білім беру сапасымен қатар бүгінгі таңда талапкерлерге қойылатын талап та күшеюде. Студент қатарына қосылу жылдан-жылға қиындауда. Шекті балл деңгейі мен тесттердің мазмұны жылдан-жылға өзгеруде. ҰБТ мен ТКТ өткізу үрдісіне бақылау күшеюде. Университетке түсуші студенттер саны азаюда, соңғы екі жылда олардың саны шамамен 20 пайызға қысқарды. Бұл – қалыпты құбылыс, себебі оқу ақысымен және талапкерлерге қойылатын талаптармен қатар жоғары білімнің беделі де артып келеді.

«Білім қайда сапалырақ, мемлекеттік ЖОО-да ма немесе жеке меншік оқу орнында ма?» деген сауал турасында пікірталас өте көп. ҚР БҒМ Ұлттық аккредиттеу орталығы және Білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша тәуелсіз қазақстандық агенттік жүргізген рейтингтік зерттеулерде алдыңғы орындарды мемлекеттікпен қатар мемлекеттік емес ЖОО-лар да бар. Әлемдік рейтингтік агенттіктердің мәліметтері де осындай. Сондықтан қазір елімізде мемлекеттік емес білім берудің дамуы – толықтай заңды құбылыс.

Еуропа елдері Білім министрлерінің 2001 жылғы Прага мәлімдемесінде жоғары білім қоғамдық игілік болып табылатыны айтыла келіп, жоғары білім сапасына жауапкершілік ең алдымен оқу мекемелерінің өздеріне жүктелетіні баса айтылған. Егер осы ұстанымдарды мызғымас қағидаға айналдыра алсақ, онда біз таяу жылдары «сапалы ЖОО – сапалы білім – сапалы студент – сапалы маман» жүйесін қалыптастыра аламыз.

Бүгінгі таңда Елбасымыздың бастамасы бойынша ашылған ерекше жоғары оқу орны – Назарбаев университеті бар. Ол Қазақстанның жоғары мектебін алдағы уақытта дамыту үшін бағыт-бағдар болып табылады. Себебі әлемнің үздік ЖОО-ларының тәжірибесі, білім мен ғылымның жаңа жетістіктері осында жинақталып, білім-ғылым үдерімі мен инновацияларды жүйелі талдау жүзеге асырылады. Сондықтан оңтайландырудан кейін де ЖОО-лар меншік нысанына қарамастан, дамуларын жалғастырады және ел ішінде ғана емес, сонымен қатар шет елдерде де табысты бәсекелесе алатын болады деп нық сеніммен айтуға болады.